



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 844

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы

арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823

Z962823\_

Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы 2007 жылға дейінгі кезеңге құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы" ереже бекітілсін.
3. Осы Жарлық 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2001 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
N \_\_\_\_\_ Жарлығымен  
бекітілген

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы  
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Жарлығына сәйкес әзірленді және "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін, экономикалық шарттары мен принциптерін белгілейді.

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) Есіл өзенінің сол жақ жағалауында, Астана қаласы аумақтық шекарасының шегінде, қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес шекарада орналасқан.

АЭА аумағы Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағы 1052,6 гектарды құрайды.

2. АЭА Есілдің сол жағалауын құрылысқа инвестицияларды тарту және озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылымды жасау арқылы жеделдете дамыту мақсатында құрылады.

3. АЭА Қазақстан Республикасының К951000\_ Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823\_ Жарлығының, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың ерекше құқықтық режиміне қайшы келмейтін бөлігінде өзге де заңнаманың негізінде жұмыс істейді.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамада қамтылғаннан өзгеше ереже белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

4. АЭА-ның аумағында ерекше құқықтық режим белгіленеді.

## 2. АЭА-ны басқару және атқарушы органның өкілеттігі

5. Аумағында АЭА орналасқан Астана қаласының әкімияты АЭА-ны басқаруды жүзеге асырады.

### 6. Астана қаласының әкімияты:

АЭА-ны дамытудың стратегиясы мен бағдарламасын әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады;

АЭА-ның аумағындағы мемлекеттік және өзге де органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

АЭА-ны дамыту және оны құрудағы мақсаттарға қол жеткізу үшін отандық және шетелдік инвестициялардың, сондай-ақ несиелік қаражаттардың тартылуын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7. Жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыру үшін Астана қаласының әкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган құруға құқылы.

### 3. АЭА-ның аумағындағы салық салу

8. АЭА-ның аумағындағы салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

### 4. Кедендік реттеу

9. АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес еркін кеден аймағының кедендік режимі қолданылатын Қазақстан Республикасының аумағы ретінде қаралады. АЭА-ның шекаралық шегі арнайы қоршаумен жабдықталады.

10. АЭА-ның аумағында кедендік ресімдеу және бақылау кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### 5. АЭА-ның аумағында шетелдік азаматтардың болу тәртібі

11. АЭА-ның аумағында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келуі, кетуі, транзиті мен аймақта болуына Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерде белгіленген тәртіп қолданылады.

### 6. Қорытынды ережелер

12. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

13. АЭА өзі құрылған мерзім аяқталғаннан кейін таратылады.

14. АЭА Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Жарлығында көзделген негіздер бойынша таратылады.

15. Қазақстан Республикасының Үкіметі АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, тарату рәсімі заңнамада көзделген тәртіппен жүргізіледі.

(Кестені орысша құжаттан қараңыз)

План границ специальной экономической зоны  
"Астана - новый город"

Участок N 1

Жилой квартал из четырех 16-этажных зданий

Участок N 2

Административно-деловой центр

Участок N 3

Конно-спортивный комплекс

Участок N 4

Комплекс деловых, торговых, банковских, жилых и бытовых объектах

Участок N 5

Этно-парк с центром досуга и развлечений

Участок N 6

Станция по очистке стоков ливневой канализации

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК